

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 желтоқсандағы N 1422 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 маусымдағы N 596 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметі заң жобалау жұмыстарының 2005 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 желтоқсандағы N 1422 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметі заң жобалау жұмыстарының 2005 жылға арналған жоспарында:

реттік нөмірлері 23, 24-жолдар алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 59-2 және 59-3-жолдармен толықтырылсын:

"59-2 Алматы қаласының өңірлік ЭБЖМ қазан қараша жел. Б.А. қаржы орталығы туралы тоқ. Исаев сан

59-3 Қазақстан Республикасы- ЭБЖМ қазан қараша жел. Б.А. ның кейбір заңнамалық тоқ. Исаев актілеріне Алматы қала- сан

сының өңірлік қаржы орталығын құру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу

туралы

".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі